

**Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2001 жылға арналған квота белгілеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 наурыз N 328

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Z010149\_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру

үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2001 жылға арналған квота (бұдан әрі - квота) экономикалық жағынан белсенді халық санының 0,15 % мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бір ай мерзімде квота санын облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша бөлсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.